

Түркістан облысы, Арыс қаласы «№32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп
коммуналдық мемлекеттік мекемесі»

***Педагог ұйымдастырушының 2023-2024 оқу
жылындағы қорытынды есебі***

Ұйымдастырушы: Малтаева Г.

2023-2024 жылының жылдық есебі.

2023 жылы 1 қыркүйек «Білім күні» мерекесіне орай «Әділетті Қазақстан сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыбында біріңғай сағаттары өтілді.

«Қазақстан достық мекені» Қазақстан халқының тілдер күні мерекесіне орай тәрбие сағаттары өтілді. «Тіл тағдыры- ел тағдыры», «Тіл-ұлттың жаны», «Ана тілім-күдіретім» атты шығармалар сайысын, «Қазақ тілі менің ана тілім» кітапханаға саяхат сабақтарын өтті.

Жолда жүру ережелері бойынша **«Жолда жүру ережелерін білесің бе?»** тақырыбында Мамырова Гүлнар өткізді.

Отбасы күніне орай ұйымдастырылған іс-шара жоспарына сәйкес **«Ұрпақ жақсысы-ұядан»** атты тәрбие сағатын 9 «Ж», **«Бақыттымыз бірге»** ұлттық ойындарын 8 «Д» сыныбы, **«Оқушы, отбасы, қоғам»** дөңгелек үстелді Сұлтанбек Нұрилла, **«Отбасы-ошақ қасы»** тақырыбында көрме, **«Отбасы бақыт мекені»** сурет көрмесін педагог-ұйымдастырушы Тасбулатова Гульжан өткізді.

Біріңғай адалдық сағаттары **«Адалдық»** сағатын сынып жетекшілері өткізді.

1 – қазан «Қарттар күні» мерекесіне орай **«Ақылды қария – ағып жатқан дария»** тақырыбында 2 «В» сыныбы, **«Қарттар біздің қазынамыз»** тақырыбында 3 «А» сыныбы, **«Қариясы бар үйдің – қазынасы бар»** тақырыбында Мейірбекова Гүлбараш бейнеинтерактивті сабақ өтті.

Мектеп оқушыларының қатысуымен **«Жан жылуын сыйла»** акциясы аясында мүгедектігі бар адамдардың тұрғылықты мекен-жайы бойынша үйлеріне барып, көмек көрсету Жунисова Болғанай, Сейтқасымов Гүлбақыт, Тулеманова Айгерім, Сәрсенбиева Ардақ ұйымдастырды.

«Қарттар күні» мерекесіне орай Тасбулатова Гульжан салтанатты жиын өткізді. Салтанатты жиынға мектеп ардагерлері қонаққа шақырылды. Оқушылардың волонтерлік топтармен ардагерлердің үй-жайларын жинау, ауласына тазалық жұмыстарын жүргізу 8- сыныптар арасында ұйымдастырылды.

Өзін-өзі басқару ұйымының **«Дублер күні»** мерекесін атап өтті.

«Ұстаздар күні» мерекелік іс-шара атап өтілді. Мерекеге ардагер ұстаздар шақырылды.

Бір тұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жасалған күзгі демалыс кезінде ұйымдастырылған жоспар бойынша **«Алтын күз»** күзгі идеялар 1-4 сыныптар арасында ұйымдастырылды.

«Педагог- бала, ата-ана» үштік одақ бірлесуімен отбасылық дәстүр туралы видео-әңгіме 1-4 сыныптар арасында ұйымдастырылды.

«Өнегелі өмір» тақырыбында 7-8 сыныптар арасында эссе жазу байқауы өтті.

Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл толуына орай **«Қожа Ахмет Яссауи мұраларын оқу»** 9-11 сыныптап арасында ұйымдастырылды.

«Әкеге ізет, анаға құрмет» тақырыбында **«Жас ақындар»** айтысы байқауын Жунисова Алия ұйымдастырып өткізді.

9 сыныптар арасында **«Денсаулықтың 6 шарты»** тақырыбында оқушылар арасында челленджді Бегімбетова Салтанат өткізді.

«Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр» «Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқыған кітаптары туралы талқылауды кітапханашы Манаева Ақмарал ұйымдастырып өткізді.

«Отбасылық дәстүр» тақырыбында ата-аналар жиналысын сынып жетекшілер өткізді.

«Республика күніне» орай іс-шаралар жоспарына сәйкес **«Байтақ елім- Қазақстан»** тақырыбында 2 «В» тәрбие сағаты, **«Жемқорлықсыз Қазақстан- дамыған Қазақстан»** тақырыбында Мырзалы Айзада пікірталас өткізді.

«Жасай бер, жаса Қазақстаным» тақырыбында 5 «Д» сыныбы, **«Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы ғажап ел»** тақырыбында 7 «Г» сыныбы тәрбие сағатын өтті.

25-қазан **«Республика күні»** меркесіне орай салтанатты жиынды Тасбулатова Г.Мамырова Г, Мейірбек Ә ұйымдастырып өткізді.

«Отаным-бақыт ордасы» тақырыбында Рахым Гүлзат, **«Қазақ елім- Отаным»** тақырыбында Якияева Гүлшат, **«Тәуелсіз елдің ұландары»** тақырыбында Асабаева Жадыра, **«Шахмат – ақыл ой спорты»** шахмат жарысын Алимхан Әділхан ұйымдастырып, **«Суммо ойыны»** атты тәрбие сағатын Лапенев Арысхан, **«Спорт – денсаулық кепілі»** спорттық ойынын Спатай Ербол, **«Қыран елім-Қазақстан»** атты тақырыпта Сaitова Асима тәрбие сағаттарын өткізді.

«Мәңгілік жаса-қыран елім Қазақстан!» атты кітап көрмесін кітапханашы Манаева Ақмарал, Тасбулатова Г, Мамырова Г өткізді.

«Тұғыры биік төл теңге» тақырыбына арналған жоспарға сәйкес **«Теңге Тәуелсіздік келбеті»** тақырыбында 9 «Д» сыныбы, **«Ұлттық теңге – Тәуелсіздігіміздің нышаны»** атты тәрбие сағатын 8 «Ә» сыныбы, **«Төл теңге- төрімізде»** атты сурет көрмесі 1-11 сыныптар арасында **« Ұлттық валюта- теңге»** атты тақырыпта 2-11 сынып арасында эссе жазу мен **«Төл теңгеміздің тарихы»** атты көрме ұйымдастырылды.

«Қош бол, Әліппе» ертеңгілігін 1 сыныптар өтті.

«Жаңа жылдық шырша» мерекелік кеш ұйымдастырылып өтілді.

2024 жылы оқу жылының жылдық жоспарына "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы жоспарының аясында **"Қазақстан- біздің жалғыз ғана Отанымыз"** атты мектепшілік өнер фестивалі өтті. Фестивальда мектеп оқушылары ән жанры бойынша 14 оқушы, би жанры бойынша 4 би тобы, 2 қойылым, 2 монолог оқу мен 2 хор ұжымы өнер көрсетті.

Фестивальдың мақсаты: өнерлі балалар мен жасөспірімдерді анықтау, сахнада жеткіншектердің талабын қолдап, талантын ашу. Өнерпаз шәкірттерді баулыған ұстаздарға қолдау көрсету.

Қалалық білім бөлімінің әдіскері Б.Искеновтың қатысуымен өткен іс-шара өз деңгейінде өтілді.

Өнерпаздарымыздың ішінен аудандық кезеңге жолдама алған оқушыларымыз, аудандық байқауда да өз қабілеттерін көрсете білді.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы жоспарының аясында 7 "Ж" сынып жетекшісі Б.Жунисованың ұйымдастыруымен **"Ұлы тұлғалардың өлеңдері мен нақыл сөздерін жатқа айту"** тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтілді. Мақсаты: "Адал ұрпақ" клубтарының жұмысын жандандыру, оқушылардың саласына адалдық, парасаттылық құндылықтарын қалыптастыру.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы жоспарының аясында 9 "Ә" сынып жетекшісі А.Сәрсенбиеваның ұйымдастыруымен **"Үйрен жақсы әдептен"** атты ата-ана сағаты өтілді.

Мақсаты: балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы мен **"Қазақстандық патриотизмді насихаттау"** іс-шара жоспарына сәйкес, оқушылар бойында патриоттық сезімді қалыптастыру мақсатында мектепте әртүрлі бұқаралық іс-шараларда Мемлекеттік Ту түстес галустуктер, бантиктер пайдалану ұйымдастырылды.

10 "Д" сынып оқушылары "1 Наурыз Алғыс айту" мерекесіне арналған іс - шаралар жоспарына сәйкес **"Отаным, саған мың алғыс"** атты видеоролик арқылы өз алғыстарын жолдады.

"1 Наурыз - Алғыс айту" мерекесіне орай олимпиада, байқау, конкурс жеңімпаздарын және олардың жетекшілерін марапаттауға арналған салтанатты жиын өткізілді.

Қазақстандық патриотизмді насихаттаудың 2024 ж арналған іс-шара жоспарына сәйкес, әр дүйсенбі күні бірінші сабақтар ҚР-сының Гимнін орындаумен басталады.

Гимн - ел азаматтарын әлеуметтік- саяси тұрғыда топтастыру үшін негізгі мәнге ие дыбыстық рәміз.

ҚР Президентінің 2006 жылғы 7 қаңтарында Конституциялық заң күші бар Жарлығымен мемлекеттік рәміз – Әнұранның мәтіні мен оны ресми пайдаланудың рет жөні бекітілді. **Сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев. Музыкасын жазған Шәмші Қалдаяқов.** Әнұранның әуенінен Отанға деген сүйіспеншілік, Атамекенге деген шексіз берілгендік аңғарылса, сөзінен жан – дүниемізді танытар ұлттық қасиетіміз бен бейбіт пейіліміз, досқа ашық құшағымыз, еркіндікке құштар кең көңіліміз жақсы көрініс тапқан.

7"В" сыныбында, сынып жетекшісі М.Иманалиеваның ұйымдастыруымен **"Баланы кемсітудің және төмендетудің алдын алу"** тақырыбында сынып сағаты өтілді.

"Қосымша білім алу – жеткізер жетістікке" тақырыбында қосымша білім беру педагогтері апталығының ашылуы болып өтті.

Мақсаты: Оқушылардың танымдық әрекеттерін жандандыру, қосымша білім алуға қызығушылықтарын жетілдіру. Шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектесу.

Апталық барысында **«Абайтану», «Жас тілші», «Робототехника», «Икемді еңбек», «Шахмат», «Ақпараттану әлемі», «Жас химик», «Өлкетану», «Әсем саз»** үйірмелері бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс жұмыстар өткізіліп, **"Қосымша білім алудың жетістікке жету жолдары"** атты тақырыбындағы кешпен қорытындыланады.

Апталық 2024 жылдың 04-11 наурыз күндері аралығында өтілді.

7 "Г" сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Ж. Еркееваның ұйымдастыруымен **"8-наурыз халықаралық әйелдер"** мерекесіне орай зейнеткер ұстазымыз, Абдуллаева Үрбибі апайымызды мерекесімен құттықтап барды.

Ата- аналарды педагогикалық қолдау орталығының жылдық жоспарына сәйкес "Әжелер мектебі" мүшелерінің қатысуымен **"Қыз сыны 2024"** атты 10 сынып арасында қыздар сайысы өтті

Наурыз айында 5 сынып оқушыларының арасында **«Сүйкімді қыз»** байқауы ұйымдастырылып, сеніз сыныптан құралған аруларымыздың ішінен өз өнерімен әділқазылар алқасының ең жоғары ұпайын жинаған 5 «А» сынып оқушысы Қалдыхан Сезім **«Сүйкімді қыз»** тәжіне ие болды.

Көрісу күні — пенденің аузы аққа, мал аузы көкке тиіп, адамның адаммен, жылдың жылмен көрісіп, бір-біріне тілектерін айтатын күн.

Бұл мереке — күн мен түннің теңелген тұсында, қыстың бейнеті мен қиындығынан аман-есен шығып, халықтың Наурыз мерекесі алдында мәресіре болатын күндерінің бірі. Бұл күн қол алысып, көрісумен ғана өлшенбейді. Адамдар арасындағы бұрынғы өкпе-реніш кешіріліп, араздық

ұмытылады, жақын адамдар бір-біріне амандық-саулық тілейді. Көрісу — ағайын мен туыс арасындағы байланысты бекітетін тамаша дәстүр.

Наурыз мейрамы осы айдың **14-інен, яғни «Көрісу»** салтынан басталады. Бұл күнді кей жерлерде «амал» деп те атайды. Ал кейбір деректер бойынша мұны Байбақты Қазыбек күнтізбесі бойынша көрісу (яғни, қауышу) күні дейді.

Сонымен қатар барлық мерекелік іс-шаралар тақырыптарына сай тәрбие сағаттары мен сынып сағаттары өтілді.

Білім бөлімінен және де ауданымыздағы мәдениет үйінен келген хаттарға уақытында жауап беріліп, шақыртылған байқауларға мектебіміздің оқушылары мен ұстаздары қатысып жүлделі орындар иеленді.

10 "Б" сынып оқушысы Ыдырыс Шерхан **"Бабалар мұрасы - ұрпаққа ұлағат"** эпостық жырлар мен қисса дастандарды жатқа айтудан жасөспірімдер мен балаларға арналған қалалық байқауында **"Мұңлық - Зарлық"** жыры бойынша II - орын иеленді.

Арыс қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен бірлесе **"Мейірім жүректен, қайырым білектен"** тақырыбында қайырымдылық көмек көрсету іс-шарасында жалғыздікті қарттардың үйлеріне барып, көмектерін көрсетті.

2023-2024 оқу жылындағы 14-23 наурыз аралығында **"Қош келдің-әз Наурыз!"** тақырыбындағы мерекелік онкүндік іс-шара жоспарына сай, осы күні ұжымда ұлттық салт-дәстүрлерді жанарту мақсатында мектептің "Өзін-өзі басқару" ұйымы 16 наурыз **"Наурыз салт-дәстүрдің жаңғыруы"** тақырыбында **"Қамшы ілу"** салтын өткізді.

Наурыз мейрамының мән-мағынасы мен мазмұнын байыту үшін жыл сайын 14-23 наурыз аралығында Наурызнама онкүндігі жарияланды.

17-наурыз "Шаңырақ" күні. Шаңырақ – отбасы белгісі, сондықтан да қазақ халқы жас жұбайлардың отау құрып, шаңырақ көтеруіне ерекше мән берген. Ата-бабаларымызда «Шаңырақ көтеру» атты ерекше дәстүр-салт болған. Жалпы, Наурыз мерекесінің жаңа тұжырымдамасы аясындағы «Шаңырақ» күні жалпыұлттық отбасылық құндылықтар мен кіршіксіз махаббат күніне айналады деуге негіз бар.

18 наурыз күні "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында **Қош келдің - әз Наурыз!"** мерекелік іс-шара жоспарына сәйкес **"18 наурыз - Ұлттық киім күніне"** орай іс-шаралар ұйымдастырылды.

20 наурыз күні "Біртұтас тәрбие" жоспарына сәйкес "Ұлттық спортты ұлықтау" тақырыбында ұлттық ойындар ойнатылды.

Мақсаты: Ұлттық спорт ойындарымызды насихаттау. Ұмытылып бара жатқан ұлттық ойындарымызды балаларға көрсету арқылы қызығушылықтарын арттыру.

Оқушылар ұлттық ойындарымыз "Асық ату", "Арқан тарту", "Бес тас", "Ләңгі тебу" ойындарын ойнады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен **"ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА" ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ** негізінде білім алушылардың эстетикалық, патриоттық сезімдерін, рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру, балалардың домбыра тарту мәдениетін насихаттау, еліміздің мәдени мұрасын сақтау мақсатында "Күй күмбірі" республикалық домбырашылар челленджі өткізілді.

Наурызнама онкүндігі аясында **"21 Наурыз- Ынтымақ күні"** атап өтілді. Ынтымақ күні мәдени мұрамызды қадірлеп, бір-бірімізге деген құрметімізді айшықтары, әр алуандығымызды артықшылыққа айналдыратын уақыт. Бұл күн өткенді еске түсіруден, ата-бабамыздың қазіргі уақытты қалыптастыруға және сақтауға қосқан үлесінің маңыздылығын түсінуден тұрады. Бұл ел үшін маңызды тарихи оқиғалар мен ұлттың жетістіктерін еске алу уақыты, сонымен қатар елдегі әр түрлі топтар мен қоғамдық топтарды біріктірудің маңыздылығын білдіреді.

2024 жылдың 23 наурыз "Тазалық күні" ұйымдастырылды.

2023-2024 оқу жылындағы мектеп оқушыларының көктемгі демалысын және бос уақытын тиімді пайдалану, әрі тұлғалық дамыту мақсатында мектепшілік каникул іс-шара жоспарына сай, 5-7 сынып арасында оқушыларымен

" Арысым - алтын бесігім " қаламыздың көрікті жерлеріне саяхат жасады 2023-2024 оқу жылындағы мектеп оқушыларының көктемгі демалысын және бос уақытын тиімді пайдалану, әрі тұлғалық дамыту мақсатында мектепшілік каникул іс-шара жоспарына сай, 9-11 сынып арасында оқушыларымен Құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті қалыптастыру бойынша дебат ұйымдастырылды.

"Педагог мәртебесі туралы" ҚР Заңына "Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы " ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығына сәйкес білім беру мекемелерінің қызметкерлері арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылындағы мектеп оқушыларының көктемгі демалысын және бос уақытын тиімді пайдалану, әрі тұлғалық дамыту мақсатында мектепшілік каникул іс-шара жоспарына сай, **"ҮМІТ СӘУЛЕСІ"** акциясын өткізді.

2023-2024 оқу жылындағы мектеп оқушыларының көктемгі демалысын және бос уақытын тиімді пайдалану, әрі тұлғалық дамыту мақсатында мектепшілік каникул іс-шара жоспарына сай, **"Ата-аналар мектебі"** жобасы аясында **"Домбыра пати"** фестивалінің **"Бәріде ана бір өзіңнен**

басталады", **"Атадан өсиет, Анадан қасиет"** тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында өтіп жатқан **«Таза өлке»** апталығында абаттандыру, көгалдандыру және тазалық жұмыстары жүргізілді.

Аталған іс-шараға мектеп мұғалімдері мен барлық қызметкерлері өз аумақтарын күл-қоқыстардан тазартып, талдарды әктеп, әрлеу жұмыстары атқарылды.

"Таза Қазақстан. Түркістан - тазалық пен тәртіптің үлгісі" экологиялық акция өткізу барысында мектеп мұғалімдері мектеп ауласына санитарлық тазалау жұмыстарын жүргізді.

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" шеңберінде 6"А" сынып жетекшісі С.Әбдіғаппар **"Ұмыт болған ұлттық тағамдар "** тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Ұлттық тағамдарымыздың түрі өте көп. Олардың біразын күнделікті өмірімізде тұтынамыз. Дегенмен, уақыттың желісіне, заманның өзгеруіне орай мүлде ұмытылып қалған тағамдарымыз да жетерлік. Оқушыларға, бүгінде бізге таңсық болып, ұмытылып кеткен тағамдардың түрлерімен таныстыру.

2024 жылдың 22 сәуір күні **"Жастық жалынды кереғар діни ағымға емес келешек қамыңа жұмса"** тақырыбында бейнефильм көрсетілді.

"2024 жылғы шомылу маусымы кезеңіндегі қауіпсіздік шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі-төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия төрағасының бұйрығына сәйкес, 9"Е" сынып жетекшісі Ж.Абдрахманова оқушыларға суға шомылу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" шеңберінде 8 сыныптар арасында **"Отбасыммен өткізген қуанышты күндерім!"** тақырыбында видеоролик дайындады.

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" шеңберінде 6"А" сынып жетекшісі С.Әбдіғаппар **"Ұмыт болған ұлттық тағамдар "** тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Ұлттық тағамдарымыздың түрі өте көп. Олардың біразын күнделікті өмірімізде тұтынамыз. Дегенмен, уақыттың желісіне, заманның өзгеруіне орай мүлде ұмытылып қалған тағамдарымыз да жетерлік. Оқушыларға, бүгінде бізге таңсық болып, ұмытылып кеткен тағамдардың түрлерімен таныстыру.

2024 жылдың 18 сәуір күні Кәсіптік бағдар беруші педагог Ермек Сайтовтың ұйымдастыруымен жастарды ынталандыру және кәсіби бағыттау жобасы аясында **"Жүрегім қазақ"** тақырыбында кездесу өткізілді.

Мақсаты: Отанды сүюге және салауатты өмір сүруге қызығушылығын арттыру. Оқушыларды дене тәрбиесі және спортпен шұғылдануға тарту. Қайсарлыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Кездесуге Арыс қаласының белгілі спортшысы, Қажымұқан атамыздың жолын жалғастырушы, **"Алыптар"** сайысының бірнеше рет жүлдегері, қошқар көтеруден **"Гинестер"** кітабын жаңартушы Мақұлбеков Азамат Нұрғалиұлы келіп, оқушыларға еркін тақырыпта пікір алмасып және оқушыларға шабыт беретін бейнероликтер көрсетіп, сұрақтарына жауап берді.

9-11 сыныптар арасында **"Жастардың репродуктивті денсаулығы"** тақырыбында оқушыларға өз-өзіне қол жұмсау, құқықбұзушылық, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани-адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту.

2024 жылдың 30-сәуір күні 5 "Д" сынып жетекшісі Қ.Шыныбекова **"1 мамыр - Бірлік, Ынтымақ"** күні тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: 1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні екенін оқушыларға түсіндіре отырып, біз көп ұлтты мемлекетпіз, сол ұлттармен достық қарым-қатынасымыз мықты екенін ұғындыру. Оқушыларға үнемі бірлікте, ынтымақта, достық қарым-қатынаста болу.

2024 жылдың 30-сәуір күні 5 "В" сынып жетекшісі Р.Назан **"1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі"** күні тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: 1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні екенін оқушыларға түсіндіре отырып, біз көп ұлтты мемлекетпіз, сол ұлттармен достық қарым-қатынасымыз мықты екенін ұғындыру. Оқушыларға үнемі бірлікте, ынтымақта, достық қарым-қатынаста болу.

2024 жылдың 6-мамыр күні 9 "В" сынып жетекшісі Ж.Спакешова **"Желбіре жеңіс жалауы"** тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды тереңнен тануға баулу. Оқушылардың Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге, дүние жүзіндегі басқа ұлт өкілдерінің достығын нығайтуға тәрбиелеу.

2024 жылдың 6- мамыр күні 8 "Д" сынып жетекшісі Ж.Қоңырбаеваның ұйымдастыруымен **"7 мамыр - Отан қорғаушылар"** күніне орай тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу.

2024 жылдың 6-мамыр күні 9 "Б" сынып жетекшісі Ж.Мамадиярованың ұйымдастыруымен **"Ер мен жердің жеңісі"** тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды тереңнен тануға баулу. Оқушылардың Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге, дүние жүзіндегі басқа ұлт өкілдерінің достығын нығайтуға тәрбиелеу.

2024 жылдың 6- мамыр күні 8 "Г" сынып жетекшісі Ұ.Түймелесеваның ұйымдастыруымен С.Нұрмағамбетовтың ерлік істерін таныту және дәріптеу мақсатында **"Ерлік"** тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, отанын сүюге, оны қорғауға баулу.Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру.

2024 жылдың 6-мамыр күні 8 "Ж" сынып жетекшісі Л.Сарсенбаеваның ұйымдастыруымен **«Р.Қошқарбаевтың ерлік істерін таныту және дәріптеу»** мақсатында тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, отанын сүюге, оны қорғауға баулу.Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру.

2024 жылдың 13-17 мамыр күндері аралығында 10-сынып оқушылары 5 күндік **"Дала жиыны-2024"** әскери оқу-далалық жиыны басталып, жиынның салтанатты ашылуы өткізілді.

Әскери оқу-далалық жиынының жоспарына сәйкес 10-сыныптың ер балаларына оқу жаттығу жиынында **"Тактикалық дайындық", "Атыс дайындығы", "ҚРҚК-нің жарғылары", "Саптық дайындық", "Әскери топография"** тақырыптарында сабақтар өтілсе, қыз балалары медициналық практикалық сабақтарға қатысады.